

ӘОЖ 23-157 (540)

С.Қ. Тұрғанбеков, Ә.А. Құранбек\*, С.А. Мержанов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: Kuranbek.Aset@kaznu.kz

**Мәдени жаңғырудың философиялық мәселелері**

Мақалада мәдени жаңғырудың философиялық мәселелері мен оның қазақ қоғамындағы ерекшеліктері қарастырылады.

Мәдени жаңғыру қоғамның жаңғыру үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңғыру деп дәстүрлі қоғамның және оның мәдениетінің заманауи қоғам үлгісіне трансформациялануын айтамыз. Мәдени кеңістіктегі жаңғыру білім берудің секуляризациясын, идеялық және діни плюрализмнің болуын, жаппай ағартушылық жұмыстарының таралуын болжайды.

Авторлар көрсеткендей өзгелер секілді біздің қоғам да жаһандық әлеуметтен тыс болашаққа ілгерілеуі мүмкін емес, өйткені ол жаһандандудың құрамдас бөлігі болып табылады. Әлемдік жүйенің қандай да болмасын бір бағыт-бағдарға өзгеруі оның әлеуметтік, мәдени және мемлекеттік жүйелеріндегі өзгерістердің жалпы бағыттарын айқындайды. Қазақстан даму жолының ерекшелігі оның нақты ұлттық қызығушылықтарымен байланысты. Әлемдік жүйемен өзара ықпалдастық халықаралық құқықпен реттеледі, ал мемлекет шеңберіндегі трансформациялар Қазақстанның әлеуметтік, мәдени институттарының, азаматтардың ділі мен практикалық әрекеттер стильдерінің өзіндік ерекшеліктеріне тән жүзеге асырылады.

**Түйін сөздер:** философия, мәдениет, жаңғыру, жаһандану, мультимәдениет, әлеуметтену, ұлттық мәдениет.

S.K. Turganbekov, A.A. Kuranbek, S.A. Merzhanov

**Philosophical problems of cultural modernization**

The article deals with the philosophical problems of cultural modernization and its features in Kazakh society.

Culture is part of the modernization process of the modernization of society. Under the modernization refers to the process of transformation of the traditional society and culture in modern society. Modernization in the cultural sphere involves secularization of education, the presence of ideological and religious pluralism, and the spread of mass literacy.

The authors show that, like others, our society can not move into the future, regardless of the global society, because it is a part of globalization. Changes in the global system somehow determine the general direction of change in his a subsystem, cultural and country. Kazakhstan is a unique way in the sense of specifying a particular national interest. Interaction with the world system governed by international law, and the transformations are carried out within the country Kazakhstan inherent features of social institutions, culture, mentality and style actions of citizens.

**Key words:** philosophy, culture, modernization, globalization, multicultural, socialization, national culture.

С.К. Турганбеков, А.А. Куранбек, С.А. Мержанов  
**Философские проблемы культурной модернизации**

В статье рассматриваются философские проблемы культурной модернизации и ее особенности в казахстанском обществе.

Модернизация культуры является частью процесса модернизации общества. Под модернизацией понимается процесс трансформации традиционного общества и его культуры в современное общество. Модернизация в культурной сфере предполагает секуляризацию образования, наличие идейного и религиозного плюрализма и распространение массовой грамотности.

Авторы показывают, что, как и другие, наше общество не может двигаться в будущее вне зависимости от глобального социума, ибо оно является составляющей глобализации. Изменения в мировой системе так или иначе определяют общее направление изменений в его подсистемах, культурных и страновых. Своеобразный путь развития Казахстана является особым в смысле конкретизации национального интереса. Взаимодействия с мировой системой регулируются международным правом, а трансформации в рамках страны осуществляются присущими Казахстану особенностями социальных институтов, культуры, менталитета и стиля практических действий граждан.

**Ключевые слова:** философия, культура, модернизация, глобализация, мультикультура, социализация, национальная культура.

Адамзаттың тарихи үдерісіндегі ХХІ ғасыр өзінің қиындықтары мен қайшылықтарына толы бастамасымен өріс алды. Заманауи әлемнің хал-ахуалының бет пердесі саналуан сипатта және олардың негізін: әлемдік экономикалық дағдарыс құрап отыр. Қайнар көзін Батыстан алған экономикалық дағдарыс ХХІ ғасырдың алғашқы індеттерінің бірі ретінде еңсерілмей тұрған кезде – әлеуметтік-гуманитарлық ғылым өкілдері оны тұтастай Батыс мәдениеті мен құндылықтарының дағдарысымен, трансформациясымен, жаһандық үдерістің қарқын алуымен түсіндірсе, кейбіреулері, кезекті кезеңге ауысу сатысында тұрғанын (индустриалды мен постиндустриалды, модернизм мен постмодернизм және т.б.) айшықтап, айқындауда. Келесі бір зерттеушілер Батыс жолының әмбебаптығының тағы бір сынға төтеп бере алмағандығының, соның ішінде, жаһандану теориясының жағымсыз тұстарының белең алуымен байланыстыруда. Мәселен, Нұр Қирабаев: «Егер батыстық мемлекеттердің кейінгі 200 жыл шамасындағы дамуын жаңғыру теориясының аясында қарастыратын болсақ, оның негізі Еуропа болса, ал ХХ ғасырда адамзаттың әмбебап дамуының моделі АҚШ болды, қазіргі таңда мәлім болғандай жаһандану жаңғырудың жаңа теориясы ретінде әлемнің дамуындағы ең дұрыс, жалғыз теория емес екендігі дәлелденуде. Қазіргі жаһандық либералдық дүние тәртібінің өзін-өзі ақтамағандығы кездейсоқ құбылыс емес. Жаһандану адамзат үміт артқандай қызметін

атқармауда және біршама дамыған мемлекеттер тұрғындарының көптеген қабаттарында өмір сүру деңгейі төмендеуде, демократияның жеңісі аңғарылмайды да», – деп бағалайды [1, 43 б.].

Ғалымдардың бір тобы жаңа дәуірден бастау алған техникалық прогрестің салдарынан заманауи техногендік қоғамның қалыптасқанын айтса, жаһандық сипат алған әлеуметтік желілер, коммуникация құралдары тағы бар. Әйтсе де, саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық көпқырлы жәйттерді өткеріп отырған тарихи сахна көріністерін ғылыми тұрғыдан зерттеу мен саралаудың маңызды екендігін заман талабы қажет етуде. Ол үдерістердегі класикалық категорияларды жаңадан түсіндіру, әлеуметтік ғылым тұрғысынан негіздеу және бағалау сарапшылардың басты назарында болып отыр. Мақсаттар мен міндеттерді орындауға және атқаруға, жаһандық үдеріс алған проблемаларды шешуде әлемдік қауымдастықтар мен ұйымдар бір мәмілеге толықтай жете алмай келеді, өйткені, мұның өзіндік ұстындары мен қажеттіліктері, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени сынды астары мен қалтарыстары баршылық.

Жаһандану үдерісінде жекелей интеграция мен өзара әріптестікте өміршендігін жалғастырып, жаңғыру сатысын бастан өткеріп отырған дәстүрлі қоғам мен мемлекеттердің жеткен жетістіктерін саралау мен айқындаудан шығатын қорытындылар сарыны біржақты емес. Олардың географиялық, мәдени т.б. кеңістіктеріне байланысты өзіндік даму

ерекшеліктері айшықталып отыр. Дәстүрден жаңғыру кезеңіне өту барысы екі түсініктің қайшылығынсыз, стихиялы өзара ықпалынсыз жүзеге асуы мүмкін емес екендігін және олардың шешуші сәттеріндегі айқындаушы шарттардың ортақтығын заманауи әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласы дәлелдеуде. Дәстүрлі саналған заманауи Шығыс мемлекеттерінің әлеуметтік-мәдени жаңашылдық пен жаңғыруды оңтайлы, сәтті еңсеруіндегі тәжірибелерін саралаудан әлемдік мәдениеттер мен құндылықтардың сабақтас өріс ала отырып дамитындығын ескертуде. Дегенмен, еуропалық әмбебап деген даму теорияларының заманауи әлемдегі жалғыз ғана жол емес екендігін көптеген зерттеу қорытындылары анықтауда.

Заманауи әлемнің қиын-қыстау кезеңінде және әлемдік кеңістіктегі интеграцияның құрамдас бір бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы ішкі экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік мәселелерін барынша игеріп, қоғамдық келісім мен тепе-теңдікті қалыптастыру үстінде. Оның негізгі қайнары саяси тұрақтылық пен экономикалық даму, әлеуметтік-мәдени жаңғыру тенденцияларының дамуымен тығыз байланысты. Елімізде қоғамдық мәселелерді шешуде мемлекеттік деңгейде әлеуметтік-мәдени бағдарламалар қабылдануда және жаңа өндіріс орындары мен білім беру жүйесі, орта тапты қалыптастыру сынды мәселелер шешімдерін қарқынмен болмаса да, тауып келеді. Демократиялық құндылықтарға негізделген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қоғам санасында басты қағидаға айналдыру, мәдени мұраны қайта жаңғырту мәселелері көтерілуде. Әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру барысында қазақстандық даму жолы қалыптасу үстінде және олар қоғамдық сана мен әлеуметтік институттар тарапынан пысықталып, зерделенуде. Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени жаңғыруының мазмұны дамудың индустриялық-инновациялық кезеңіне сәйкес келсе, олар мемлекет тарапынан тек заңнамалық тұрғыдан бекітілуде.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени жаңғыру үдерісінің сипаты көпқырлы, ол жаңа сапаға көтерілу үстінде. Мұндай сипат алушылық пен әлеуметтік-мәдени жаңғыруды ғылыми тұрғыдан бағалаушылық – отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларында республикалық деңгейдегі зерттеулер мен са-

раптама жұмыстарын жүргізудің қажетті екенін дәлелдейді. Ал тұтасымен заманауи мәдениет, мәдени жаңғыру түсініктеріне сипаттама беретін болсақ, оның мәні мен мазмұнының аясы кең әрі ауқымды екендігі айқындала түседі. Мәселен, отандық зерттеуші Мұхтар Изотов оны былайша пайымдайды: «Жалпы алғанда мәдениет – оның құндылықтық, процессуалды, пәндік және нәтижелі айқындалған адамның (әлеуметтік) шығармашылығы, адамның мақсатты бағытталған шығармашылығының материалды және рухани жемістерінің тұтастай жиынтығы – өндіру құралдары, ғимараттар, әлеуметтік институттар мен саяси мекемелерден бастап – тіл, өнер туындылары, діни жүйелер, ғылым, адамгершілік нормалары мен құқыққа дейін жатады» [2, 3-4 б.]. Мұндай әлеуметтік-мәдени компоненттердің, институттардың реформалануындағы бағыттар мен бағдарларды айқындау және саралау мемлекетіміздегі әлеуметтік-мәдени кеңістік пен келеңсіз үдерістерді еңсеруімізді, келелі жанару сатысына өтуіміз жайлы терең білімдерді береді. Жаңғырудың жүзеге асуындағы негізгі тетіктер болып табылатын әлеуметтік-мәдени институттардың қызметі мен шығармашылығын және бағыты мен бағдарын демократиялық-либералдық құндылықтармен айқындамай, еңсермей көңілден шығарлық жетістіктерге жетудің мүмкін еместігі тағы бар.

XX ғасырдың соңында Совет билігі құлағаннан кейін еліміз ұлттық сана-сезім мен құндылықтарымызға, тарихи жадымызға деген бетбұрыс жасауы қарқынды көрініс берді және ол белгілі сапалық деңгейлер мен өлшемдерді қалыптастырды. Кезекті ағымдағы мәселелер – заманауи әлемдік жаңа ғылыми-инновациялық, техникалық прогреске, жаһандық, ақпараттық, білім қоғамының қалыптасуына сәйкес келуде. Мұндай үдерістердің аясындағы Қазақстанның мәдени институттарының жаңғыруының кеңістіктік және уақыттық өлшемдері қалай айқындалмақ және өріс алуындағы бағыттары қандай болмақ деген орынды сұрақтар туындаған болатын және ондай ізденістер қазір де бәсеңдемеді. XX ғасырдың басы мен аяғына дейін үстемдік еткен советтік идеологияның стереотиптері мен дағдылары, ұстындары қазақстандық қоғамның санасында және жадында өзіндік орны мен сипатын қалдырғаны сөзсіз. Уақыттық өлшеммен есептегенде жергілікті халықтың кем дегенде екі ұрпақ өкілі кеңестер

әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі идеалдан тәлім-тәрбие алды, онымен белсенді өмір сүрді және кеңестік идеалдың жағымсыз-жағымды тұстары жергілікті дәстүрмен өзара бітісе қайнасып араласты. Сондықтан да болар тәуелсіздікпен бірге ұлттық болмыс пен дәстүрді қайта жаңғырту мақсатында жекелей болсын және мемлекеттік деңгейде болсын ұлттық нақыштағы мәдени-саяси шаралар атқарылып, насихаталуда. Отандық әлеуметтік ғылым салаларының сарыны мен бағыты ұлттық руханиятты зерттеу мен зерделеуге қарай бет бұрды. Мемлекет саясат әлемдік қауымдастық алдында барлық есігін айқара ашты және оның салдарынан қоғамдық сана мен ұлттық мәдениеттің қалыптасуына көптеген сыртқы факторлар ықпалдарын тигізуде және мәдени-саяси плюрализм әлсін-әлсін өрісін алып келеді. «Қазақстандық қоғамның 20 жылдық дамуы шеңберінде оның азаматтары мен халқы басынан түрлі мәдени факторларды, құндылықтар жүйесін, паттерндерді өткерді. Әлеуметтік жаңғырудың жаңа жағдайында, түрлі саяси стратегиялардың, экономикалық жолдардың ықпалында бола тұра халықтың, адамдардың ішкі әлеуметтік-мәдени көптүрлілікті игеруі қиынның қиыны. Ақпараттық мәдениет коммуникацияның, жүріс-тұрыстың, адамгершіліктің, мәдени әлеуметтену моделдерінің көптүрлі жаңа көкжиектерін ашуда. Жаңа мәдени-әлеуметтік перспективада біздің қоғамның адамы үшін бірегейлік мәселесі ерекше маңызды – дейді отандық ғалым Зухра Исмағамбетова [3, 161 б.]. Ұлтаралық және дінаралық татулықты дәріштеп отырған мемлекетіміздегі үдерістерді ескерсек, жаңа коммуникация құралдарының салдарынан мәдени плюрализмнің қазақ қоғамында орын алып келе жатқаны да шындық. Мемлекетіміздегі мұның мазмұнын жаңғырудың, әлемдік интеграцияға енудің бір көрінісі деп айтатын болсақ, оның келеңсіз тұстары да, жағымды және еңсерілуі қажетті тұстары да баршылық. Қоғамның әлеуметтік дамуы мен мәдени жаңғыруындағы жағымды қондырғылардың, жобалаудың кілтін қалай айқындауға немесе әлеуметтену тәжірибесінің оңтайлылығын қалай тиімді етуге болады деген сынды мәселелер отандық ғалымдар назарында және оның өзектілігі күн өткен сайын арта түсуде. Тәуелсіздігін алғанына жиырма жылдан енді асқан қазақ қоғамының жаһандану интеграциясына бейімделуі мен оның

проблемаларын игеруі мәселесі тағы баршылық.

Әлемдік дағдарыстың ошағы саналған батыстық дағдарыстың мазмұны мен мәнін тек экономикалық қана емес, әлеуметтік, саяси және ең маңыздысы – мәдени қондырғыларына назар аудару қажет екенін атап өттік. Мұның назарға аларлық тұсы мен зерделейтін, ой елегінен өткізетін жақтары баршылық. Тіпті кең мағынада батыстық дағдарысты кең мағынада оның мәдениетімен байланыстырып зерделеп жатқан заманауи ғалымдар тобы да қалыптасып үлгерді. Оның кейбір құрамдас, ажырамас аспектілеріне тоқталып өтелік.

Батыстық мәдени дағдарыстың бір көрінісі саналатын мультимәдениеттілік мәселесі. Мультимәдениеттілік мәселелерінің Батыс қоғамында өз шешімдерін, көңілді көншітетін жауаптарын таппағандығы мәлім және бұл мәселенің дамушы, миграция мәселесі шешілмеген мемлекеттерде де туындауы мүмкін деген қауіп бар. Дегенмен, «белгілі болғандай мультимәдениеттілік идеясы Еуропада қалыптаспады. Бұл модельді бірнеше онжылдықтар бойында АҚШ пен Канада сәтті жүзеге асырып келеді. Мультимәдениеттілік өзінің мазмұны бойынша ұлттың табиғатын бір-бірінен мәдени түрде ерекшеленетін азаматтардың қауымдастығы ретінде қарастырады. Мәдениеттегі өзгешелікті мойындау мультимәдениеттіліктің негізі. Соңғы жылдары Еуропада қоғамдық дамудың бұл моделі өткір сынның пәніне айналды, ол әлеуметтік-мәдени және саяси жанжалдармен байланысты» [1, 44 б.]. Мультимәдениеттіліктің дағдарысын жүйелі түрде саралайтын болсақ, ол заманауи либералды-демократиялық құндылықтар дағдарысының бірі болып табылады. Батыс әмбебап теориясының кез келген мәдениет пен бірегейліктің кемел түрін қалыптастыруға, жаңғыртуға сәйкес келмейтіндігін айқындайды. Яғни, Нұр Қирабаевтың пікірінше заманауи әлемнің бет-пердесі келесі пайымға сәйкес келеді: «Шынтуайтында заманауи әлем көп полюстіліктен гөрі, бірполярлы және заманауи әлемнің дағдарысын куәландырады. [1, 48 б.]. Заманауи әлемнің шынайы көрінісін айқындайтын ұстындар мен бағыттар әрқилы, олардың негізгі болып табылатын және ол көпқырлылықтың тұтастай көрінісі жаһандану. Ондағы жолдарды ғалым былайша атап өтеді:

«Бірінші жол. Егер жаңа технологиялар мен идеялардың жергілікті жағдайларға бейімделуі

жаһандану үдерісіне тән сипаттама деп санайтын болсақ, онда локализация мен индивидуализация доминантты тенденция болуы мүмкін, жаһандану абстрактілі тұтас мәдениетті қалыптастырмайды және бір ғана қайнардан туындамайды. Мұндағы пайымның мәні ұлттық мәдениеттің жаһандық мәдениетке қосып жатқан үлесінде болып отыр. Сонымен қатар, жаһандану аймақтық ауқымға да, субмәдениет мәнінің қарыштауына да бағынышты (мысалы: латынамерикалық, Оңтүстік-Шығыс Азия мәдениеті және т.с.с.)

Екінші жол. Жаһанданудың жалқы және тұтас құндылыққа деген бағдары бөлінушілік пен теңсіздіктің жаңа типіне алып келді, мұндағы сөздің мәні жаһандық мәдениетті өндіруші-мемлекеттер мен тұтынушы-мемлекеттер араларындағы алшақтықтың тіршілік етуі жайлы болып отыр. Есте сақтау маңызды болып табылады – мемлекеттердің өздерінің ішінде жаһандануға қатысушы және «пассивті тұтынушы» әлеуметтік топтардың араларында алшақтық аңғарылады. Олай болса, жаһандану мен мәдениетті қатынастыра отырып, жаһандану мәдени құндылықтардың базасын жалпы қабылдауда жуықтау көмегімен біртұтас бола алмайды дегеннен шығу қажетті. Сонымен қатар, келесі сұраққа жауап талап етіледі: не нәрсе бұл тұтастықтың түрлі бөліктерін бірге ұстап тұр және онымен теңесу нені береді» [1, 49 б.]. Сонымен жаһандану плюралистік ұстындарды қалыптастырса, оның локальды аймақтары мен жаһандану үдерісіне ұлттық мәдениеттің ықпалы да бар екендігін аңғардық.

Иә, көпқырлылықтың немесе плюрализмнің тұтастай көрінісін жаһандану деп атайтын болсақ, жаһандану теориясы мен үдерісін әлеуметтік ғылымдар тұрғысынан зерделеу біз үшін өте маңызды болып отыр. Өйткені бұл үдерістің отандық ғылымда тек негативті және теріс тұстарын ғана бағалаушылық, одан үрейлену тұстары ғана көп пайымдалып, жазылып, насихатталып жүр. Ал оның жағымды жақтарының мәні толықтай айшықталмай, ғылыми тұрғыда сараланбай келеді. Себебі плюрализмнің тек біржақты тұстары ғана емес, оның жан-жақты астарларының бар екендігін ерекшелеп айтуға болады. «Плюрализм – қазіргі әлеуметтік-мәдени өмірдің түрліше жүзеге асуындағы реалдылық. Заманауи әлемде жалпы ережелер мен ыңғайлардың негіздеріне қарсы

реттеуге болмайтын, шынайы идеяларды әлдене көпқырлы ретінде ұсыну. Мұндай жағдайда кем дегенде екі жауап ұсынылады: плюрализмді демократиялық бірөлшемділік арқылы еңсеру (мұны біз «либералды құндылықтар жеңісі» саясатында көрдік) немесе мұны постмодернизм көрсеткендей плюрализмнің барлығына көндігеміз» [1, 50 б.].

Заманауи мәдениеттің жағдайларының, дағдарысты тұстарының бір бөлігі мәдени бірегейлік мәселесі. Себебі, жаһандану, мультимәдениеттіліктен туындайтын мәселелердің бірі – мәдени бірегейлік. Бұл мәселе арнайы зерттеулерді, отандық әлеуметтік ғылымда жан-жақты саралауды қажет етіп тұрған мәдени-философиялық проблемалардың бірі. Мұнда біз тек Нұр Қирабаевтың пікірін ғана саралап көрелік: «Мәдени бірегейлік адам бостандығының мәнін, оның қалыптасуы мен жүзеге асуын көрсетеді. Белгілі болғандай, адамдар, индивидтер және әлеуметтік топтар көптеген белгілері бойынша өзгешеленеді: жынысына, түсіне, тіліне, дініне, тарихына, адамгершілік құндылықтарына және т.б. байланысты. Қаншалықты индивидуалды және ұжымдық өзіндік сананың деңгейі жоғары болса, сол құрлым адамдар өзгешелікке деген сезімтал келеді. Біздің пікіріміз бойынша, бұл негізінен бірегейлік өзгешелікпен, сонымен қатар, мысалы, әлеуметтік немесе мәдени топтардың көптеген өзгелерден ерекшеленуімен байланысты. Өзгешелікке деген өткір назар бірегейліктің қосымша белгілерінің ерекшеленуіне алып келеді. Соңғысы, өз кезегінде, индивид пен түрлі топтар арасындағы шекаралардың «тереңдігіне» келтіреді. Өзгешелік жайлы айтқанда, олар антропологиялық (нәсілдік және этникалық), мәдени, діни және саяси болатынын атап өткен жөн» [1, 51 б.]. Өзгені әділ бағалаушылық негіздемесі ынтымақтастық екенін көптеген зерттеушілер пайымдап келеді. Тек әділ бағалаушылық пен ынтымақтастық мәдени бірегейліктің кепілдемесі болып табылады. Ал мәдени бірегейлік ол ұлттың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің мәні және әрбір индивид онымен өмір сүреді.

Байыптап келгенде мұның барлығы батыстық жаһандық мәдениеттің қазіргі бастарынан өткеріп отырған мәдени дағдарысы, тәртіпсіздігі екендігі айқын. Дегенмен жаһандық сипат алған әлем картинасында бұл мәселелер әрбір мемле-

кетте ертелі-кеш кезігеді және кезігіп те жатырмыз.

Қазіргі Батыстың назары Азия кеңістігіне түсіп отырғаны тегіннен тегін болмаса керек. Себебі, қазіргі Азия мемлекеттерінің, соның ішінде Орталық Азияға деген жан-жақты қызығушылық көнеден назардан тыс болмаған. Осы орайда кеңістіктің тек ресурстық қана емес, мәдени потенциалын да атап өткен жөн. «Осыған байланысты, интермәдени философия бойынша жұмыстарды атап өткен қажетті, жекелей айтқанда, Р. Форнет-Бетанкурдың философияның пәндік шеңберде интермәдени білім жобасын ұсынуы. Мұндағы сөздің мәні негізгі философиялық ыңғайларды өзгертудің қажеттігі мен мүмкіндіктері жайлы, яғни еуропалық немесе еуропацентристік деп аталатын моделдермен шектелмей, өзге дәстүрлерді де назарға алу – философиялық білім мен танымның жаңа сипаттамалары жайлы айтуға мүмкіндіктер береді» [1, 55 б.]. Әлем қауымдастығында либералды-демократиялық құндылықтар орныққан мемлекеттерде мәдени жаңғыру мен өркендеу болатыны сөзсіз. Ондай жерде бибітшілік пен келісім, саяси тұрақтылық орнығып, тарихи сахнаға мәдени өрлеудің жаңа сатылары келеді.

Мәдени жаңғыру түсінігінің шарттары мен ол жайлы ізденістердің біржақты емес екендігін атап өттік. Оларды заманауи ғалымдардың пайымдауынша: біріншілері, жаңғырудың ұстындарының мәнін прагматикалық, қолданбалы, аясы тар маманданған және технологияланған ыңғайлармен байланыстырса, екіншілері, әлеуметтік-мәдени және тарихи үдерістерден, үшіншілері, қарқынды экономикалық дамудың ықпалымен т.б. түсіндіреді. Әйтсе де, әлеуметтік-мәдени дамудың екі түрлі ұстындарын атап өткен жөн: 1) дәстүрлі және заманауи мәдениет пен құндылықтардың өзара әрекеттестігі мен сұхбаттастығы арқылы; 2) мәдениет халықтың әлеуметтік-мәдени бет-пердесін сақтай отырып дамитын «генетикалық код» болып табылады [4, 3 б.].

Мәдениет, мәдени жаңғыру теорияларының түрлі концепцияларының философиялық сипаттамаларына, негіздемелеріне жекелей тоқталып өтелік. Себебі бұл түсініктердің жаңғыру үдерісіндегі жетекші орынға ие екендігі және мағыналық-ұғымдық мәні кең екендігін жоғарыда айқындап бердік. Ресейлік ғалым В.С. Степин

өзінің бұл мәселеге қатысты философиялық сөздігін былайша түсіндіреді: «Мен мәдениетті адамның өмір шығармашылығындағы биологиялықтан тыс бағдарламаларының қиын жүйесі ретінде қарастырамын. Бізге табиғат тарапынан, биологиялық генетикалық код ретінде берілген генетикалық бағдарламалар мен адамның әлеуметтік өмірін, оның шығармашылығын, жүріс-тұрысы мен қатынастарын реттейтін биологиялықтан тыс бағдарламалар бар. Олар социокодтар пішінінде тіршілік етеді және беріледі (ұрпақтан ұрпаққа). Социокодтар сапасы ретінде шығармашылық, табиғи тіл, өнер тілдері, ғылым, адамның жаратқан екінші табиғат заттары, адамның әлеуметтік өмірін реттейтін рәміздер т.б. болуы мүмкін. ...Социокодтардың әртүрлі түрлерінде тіркелген, адам өмір шығармашылығының биологиялықтан тыс күрделі тарихи дамушы жүйесі (білім, ғұрып, сенім, идеалдар, құқықтық және этикалық нормалар, құндылықтар, дүниетанымдық қондырғылар және т.б.) – мұның барлығы мәдениет болып табылады» [4, 4-5 б.]. Сараптама көрсетіп отырғандай мәдениет түсінігінің, философиялық болмысы мәнінің өлшемдері мен белгілі бір кеңістікте, қоғамда, мәдениетте қызметтері мен тарихи орны, қазіргісі мен болашаққа генетикалық кодтармен берілген бағдары әрлауан, көпқырлы үдеріс. Ал мұндағы биологиялықтан жоғарысының төтенше, тікелей, жанама жағдайлармен қосылуы, тікелей әрекеттерін саралау біз үшін өте маңызды болып табылады. Себебі, заманауи жаһанданудағы, плюрализмдегі сұхбаттастық ықпалдастықсыз, өзара ықпалсыз жүруі мүмкін емес. Тіпті мұндай үдерістің заманауи коммуникациялық құралдарының пайда болмастан бұрын, көнеден келе жатырған құбылыс екендігін тарихи үдерістерден білеміз. Бірақ заманауи коммуникация құралдарының ол құбылысты үдеткендігі даусыз мәселе.

В.С. Степин мәдениет теориясындағы биологиялықтан жоғары бағдарламасын келесі ұстындармен сипаттап береді: «Олардың біріншісі – өткен шақтың қалдықтары.

Мәдениетте берілетін бағдарламаның екінші қабатын мәдениеттің қазіргісі ретінде айқындауға болады. Олардың ішінде өмір сүру келбетін жүзеге асыруды қамтитын, қазіргіні сипаттайтын мәдени дәстүрлер де бар.

Бағдарламаның үшінші қабаты болашаққа

бағытталған. Олар ықпал ете алады және қазіргі әлеуметтік өмір негізіне ене де алмайды, бірақ оған жанама түрде ықпал етеді. Бұл болашақтың потенциалын жаңа технологиямен мазмұндаған іргелі ғылыми ашулар; бұл өнердегі авангард, өз дәуірінен озып кеткен және өзінің дүниетанымдық аппликациясын ұзақ болашақтан тапқан жаңа философиялық идеялар, алғашында күпір ретінде қуғындалған, бірақ болашақта бұқаралық діни қозғалысқа айналатын діни идеялар» [4, 5 б.]. Бағдарлама ұстындарының біріншісі мен екіншісі белгілі бір мәдениетте табиғи түрде тарихи, биологиялық, генетикалық қалыптасуы болса, үшінші ұстын сол мәдениеттің түлеуі, жаңғыруы екендігін аңғартады. Мұнда жаңғырудың алғашқы сәттердегі дәстүрлі дүниетаным тарапынан қуғындалуы, бірақ болашақтың бағытын сол айқындайтыны айтылып отыр. Яғни, кез келген қалыптасқан дәстүрлі мәдениетте жаңашылдық уақытша еңсерілмей, игерілмей, түсінілмей қабылдаудан тыс тұрады, мәдени репрессияға ұшырайды. Дегенмен, жаңашылдық уақыт өте келе дәстүрлі мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналып, жаңғырудың белгілі бір деңгейі мен формасын айқындап береді.

Бағдарламаның үш ұстынының тұтастығына тоқталатын болсақ: «Әлеуметтік өмірдің бағдарламасының айқындалған үш қабаты, олардың жүзеге асуы – көпқырлы күрделі тарихи дамушы жүйені айқындайды. Даму үдерісінде бұл жүйелер дифференциалданады. Онда күрделі тұтастықтың бөлігі ретінде өзін ұсынатын, қатынасты түрде өзіндік жүйеден тыс жүйесі қалыптасады. Қазіргі қоғам мәдениетіндегі мұндай жүйеден тыс сапаларға мораль, дін, философия, саяси және құқықтық сана, өнер, ғылымды жатқызуға болады» [4, 6 б.]. Мұндай метафизикалық көзқарастың асолютті болма-са да, шындыққа жанасар, көңіл бөлер тұстары баршылық. Әрбір мәдениеттің жаңғыруындағы өзіндік стилдері мен ерекшеліктері болатыны және сол тәжірибелердің тарихта көптеп кезітетіні белгілі. Жаңғырулардың дені жоқтан барды жасау немесе жаңғырудың бағыт-бағдарын айқындайтын жүйелерді ойлап табумен емес, мәдениеттер сұхбаттастығындағы өзара ықпалдастық, мәдени жетістіктерді алмасушылық, игеру, еңсерумен және оларды ары қарай жалғастырумен ерекшеленеді. Олар икемділік пен шығармашылық еркіндігімен, са-

яси либералды құндылықтармен сәйкес келіп, белгілі бір дискурста, әмбебаптылыққа айналады.

Мәдени әмбебаптылық мейлі ол заңдылық болсын белгілі бір кезеңдерде өз қажеттілігінен, доминанттылығынан, қолданыстан, ортаңғы категория ретінде тыс қала бастайтыны анық. Ол біртін-біртін сынға ұшырап терістеледі, яғни реформациялық кезеңді бастан өткереді. «Мәдениеттің әмбебаптығы әлеуметтік организмдердің өзіндік гені ретінде қызмет етеді. Әлеуметтік өмірдің түбегейлі өзгерістері әрқашан бұл гендердің өзгерісін болжайды, алдыңғы құндылықтар базисі сынға ұшырап, оның орнына жаңасын қондыру көзделеді. Сондықтан кез келген саяси революцияның алдында әрқашан рухани революция жүреді» [4, 6 б.]. Алғы базисті құндылықтар жаңғырудың негізі, оның іргетасы. Тек алғы негіздемелер ғана өз-өзін терістеп, өзін-өзі тану арқылы түлеп, жаңғырады. Жаңаның ерекшелігі ескінің толығы, өз заманының сұранысына жауап беруі болып табылады. Мәселен, біріншіден, заманауи Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін советтік құндылықтар жүйесін сынай, теріске шығара отырып, қазақстандық капиталистік, либералды-демократиялық құндылықтар жүйесіне көшті. Әйтсек те, кеңестік әлеуметтік пакеттердің көпшілігі сақталды және билік, мемлекетті басқару жүйесінде ескі жүйенің ұстындары айқын байқалады. Екіншіден, мемлекетіміз заманауи жаһандық кеңістіктің сұраныстары мен талаптарына бейімделу, қажетті жерлерінде төтеп беру ұстындарын іздеуде. Жаңа тарихи кезеңде, әлемдік интеграция мен қауымдастықта, кеңістікте, әлемдік дағдарыста өз орны мен ерекшелігін, зайырлылығын сақтап қалғысы келеді. Осы орайда ғалым Степин Ресейдегі қазіргі жағдайды былайша сипаттайды: «Ресей мәдениетінің өзгерістер тенденциясы оның дәстүрімен ғана емес, оның ішкі ортасымен, түрлі мәдениеттер кездесетін және өзара әрекеттесетін заманауи жаһандану әлемімен айқындалуда. ...Заманауи өркениет радикалды сапалы өзгерістер деңгейінде тұр. Күшейген дағдарыстар жаңғырудың жаңа стратегияларын талапетуде. Көптеген тарихшылар, футурологтар, әлеуметтік антропологтар қазіргі кезеңді адамзат тарихындағы келесі радикалды өзгерістермен байланыстыруда, мысалы, тас дәуірінен темір дәуіріне өту, архаикалық тағылық қоғамнан көне

ауылдық және қалалық өркениетіне өту т.б.» [4, 8 б.]. Ал заманауи жаңғыру тенденциялары тек бір мемлекеттегі ғана емес, бүкіл әлемде жүріп жатырған үдеріс. Бірақ, мұнда ғалымның радикалды ұғымының түбегейлі мағынасында қолдануына біз келіспейміз. Себебі, еуропалық дамудың ерекшелігі жоғарыда атап өткеніміздей, оның мәдениетінің түп тамырында жатса керек. Ондағы радикалды терістелулерден жаңашылдықтың толықтырулары кем болған жоқ. Қазіргі шығыстық дамушы мемлекеттердің дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіріп, қарқынды жаңғыру үстінде екендігі белгілі.

Ғалым Степин заманауи өркениеттің техногендік ерекшеліктеріне ерекше назарын аударып, батыстық қоршаған ортаны игеру ұстындарын алға тартады. Тек батыстық осы құбылыста ғана әлемнің суреттемесі креативті шығармашылыққа, өзгеріске, жаңғыруға ие деп есептейді. Сәйкесінше осы уақытқа дейін дәстүрлі қоғамда мұндай үдеріс орын алған жоқ. «Жаңғыртылған, креативті шығармашылық құндылықтарының доминантты сапада болуы тек техногендік өркениет қоғамына ғана тән екенін айтуымызға болады. Дәстүрлі мәдениетте өзге түсініктер жетекшілікке ие болды, көне қытай мәдениетінде айтылған танымал ұстын «у-вэй», әлем ритмінің резонанс сезіміне негізделген минималды әрекет идеалына шақырды. Бұл ұстын табиғи және әлеуметтік үдерістер ағымындағы активті араласуға негізделген жаңғыру әрекетінің идеалына балама болды. Ол сыртқы ортаның қайта жаңғыруына бағдарланбады, керісінше оған бейімделе білді. Дәстүрлі мәдениет ешқашан адамның табиғатқа үстемдігін қамтитын әлем жаңғыруын өзінің мақсаты етіп қоймады. Техногендік мәдениетте мұндай түсінік артықшылыққа ие. Сонымен қатар, ол тек табиғатқа ғана емес, әлеуметтік технологияның пәні болып табылатын әлеуметтік объектілерге де таралды» [4, 9 б.]. Бірақ дәстүрлі саналған заманауи Қытайдың мәдени жаңғыру бет-пердесі техногендік өркениет жетістіктері мен дәстүрдің бірлігімен, ұстындардың үйлесуімен жүзеге асырылып жатқаны айқын.

Дегенмен, ғалым техногендік өркениет пен дәстүрлі қоғамды екіжара бөліп қарастырады, тіпті оның техногенді қоғам мен дәстүрлі қоғамдардың уақыттық ерекшеліктерін қисынды айқындамауынан түрлі аспан мен жердей ерекшеліктерді келтіреді. Жаңа коммуника-

ция құралдарының қай кезеңде қалыптасып, таралғанын екшеп атап өтпейді. Мысалы, «Техногендік өркениеттің өмірлік мағыналар жүйесіндегі ең басты деп саналатындардың бірі инновация және прогресс құндылығы. Дәстүрлілікте доминантты құндылық дәстүр болып табылады. Оның өзгерісі негативті бағаланады. Осы орайда, қазіргі таңдағы келесіше дыбысталатын көнеқытай нақылын еске түсіру қисынды болып табылады: «Ең ауыр тағдыр – бұл өзгерістер дәуірінде өмір сүру». Ал біздің өркениетімізде өзгерістер мен прогресс қажетті құндылық ретінде қабылданды. Ол екі дөңгелекті велосипед секілді, қозғалса тұрақты, ал қалай тоқтап қалады – құлайды. Инновация әрқашан дәстүрмен шектелді және дәстүрдің астында бүркемеленді» [4, 9 б.]. Әрине, шығыстық дәстүрлі өркениетті сол дәуір биігінен қарайтын болсақ тұтас мәдени болмысы дәл осындай сипаттамаларға ие, бірақ бастыстық дамудың өзі белгілі бір деңгейде дәстүрлі деп саналмайды емес пе? Сондай-ақ, прогресс пен инновация түсініктерінің қалыптасқанына да көп уақыт болмағанын ескергеніміз жөн.

Ғалым Степин өз пікірін келесідегідей жалғастырады: «Дәстүрлі мәдениетте ғылымның ешқашан өзіндік құндылығы және өзінің әлем суреттемесін жасауға құқығы болмады, ол өзінің білімін өзгерістерді қолдамайтын және білімнің барлық түрін онымен келісіп отыратын діни, мифологиялық түсініктемелермен жазды. Техногендік мәдениетте ғылым жаратылыс пен әлем суреттемесін үнемі жаңғырту құқығын жаулап алды, оны білім беру жүйесі арқылы адамдардың ақылына сіндіріп, дүниетанымдарына активті түрде ықпал етті. Техногендік қоғамда ғылым объект жайлы ақиқат білімді іздеуге бағдарланған және ол мұндай білімнің үнемі өсімін қауаттайтын ең басты таным формасы ретінде қабылданады. Бұл қондырғылар икемделген ғылыми шығармашылықтағы ғылыми этоста рәсімделеді. Онда екі этикалық тыйымдар енгізілді: ғылыми емес мотивация жағдайына және көшірмеге икемделінген ақиқаттың арнайы бұрмалануы...» [4, 10 б.]. Бұл батыстық мәдени ерекшеліктің артықшылығы. Ғалымның пікірінше тек «Дәстүрлі мәдениетте тұлға ең алдымен оның алдын-ала айқындалып қойылған белгілі бір қатаң (тумысынан берілген) отбасылық-рулық, қасталық және сословиелік қатынастармен айқындалады. Мұнда тұлға



болу – демек рудың, кастаның, сословиенің құрамдас бөлігі болу. Техногендік өркениетте өзге түсініктер жетекшілікке ие: құндылықтық артықшылық сапасы ретінде түрлі әлеуметтік қауымдастықтарға ене алатын және өзгелермен тең дәрежедегі құқыққа ие болу сынды еркін индивидуалдылық, зайырлы тұлға идеалы есептеледі. Тек осы контекстегі түсіну ғана адам құқықтарының идеясын қалыптастырады» [4, 10 б.]. Әрине бұл заманауи көпқырлы гипотезалардың ішіндегі көңілге қонымды мифтердің бірі.

Ғалымның пікірінше жаңашылдық үдерісін тек «христиандық идеясы ғана туғызды. Өзге діндерден ерекшелігі, христиандық идеясы – бұл ең алдымен жарату, эволюция идеясы. Ал протестанттық этиканың (және жалпы алғанда протестантизм) бастамасы адам өз әрекетінде Құдайға қызмет етуі міндетті, оның бейнесі мен сол секілді жарату керек, өйткені ол Құдайдың образы және сол секілді, сондықтан да, Құдай үлкен ғаламды жаратқаны секілді, адам да сол секілді мөлтек ғаламды өзгертіп, реттеуі тиіс» [4, 15 б.]. Дегенмен де, жапондықтар мен қытайлықтардың мәдени жаңғыруын біріншісі синтоизм дінімен немесе ілімімен, буддизммен, екіншісін, даолық-құнфудызышылдықпен, буддизммен тығыз байланысты екендігін қазіргі зерттеушілер дәлелдеп отыр. Ол мәдениеттің түп тамыры сол ілімдердің жаңашылдық пен еркін шығармашылыққа бейім, ешбір догмасыз болғандығы және айқындалуда. Мәселен, «Әлем және Қытайдағы жаңғыру жайлы толық баяндама (2001-2010)» мәліметтеріне жүгінсек, «Теориялық кіріспе мен он жыл сайын теориялық негізделген баяндамалар қытайлық жаңғырудың ерекшеліктерін Батысқа жете алмаған, бірақ Батыстың позитивті тәжірибелерін еңсерген және ұлттық мүдделерін меңзейтін сипатта зерделенген. Қытай реформасының методологиясы – баяулылық және ұлттық ерекшеліктерді ескеру. Бұл – оларды революциядан ерекшелетін «реформаның алтын ережесі»: реформаның жылдамдығын адамдардың оған деген мүмкіндігін бейімдеуге келісу» [5, 18 б.]. Мәдени жаңғырудың ерекшеліктерінің бірі – ұлттық нақыштардың заманауи ұстындарға бейімделуі немесе олардың өздігінен икемделуі негізінде жүзеге асады, ол мәдени жаңғыруға деген эволюционизм бағытының ыңғайы.

«Жаңғыру үдерісі басталған сәтте Жапонияда

және Ресейде олар дәстүрлі топыраққа батыстық мәдениет «екпелерін» енгізуді болжады. Екпе техника, технология, білім беру арқылы жүруде. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын білім беру мен ғылым да трансплантацияланды. Бірақ қалайша ғылыми білім, әлемнің ғылыми суреттемесі және технологиялар алыс-берісі басталса, онымен қатар ол жүйеде қалыптасқан білім мен технологиялар, белгілі бір мәдени мағыналар да игеріледі. Бұл жаңа мағыналар өзге мәдени ортаға енгізіледі. Дәл сол сәтте алғы дәстүрлер, дүниетанымдық әмбебаптардың түрлі өзара ықпалдастықтарын қайта түсіну басталады. Және бақылау өте маңызды болып табылатыны Жапонияның қазіргі күнге дейін сақталып келген кейбір дәстүрлері білім мен білім берудің жаңа технологиялар ықпалымен тарнсформацияланды» [4, 26 б.]. Мұндай бағалаушылық орынды және мәдениеттер синтезіндегі заңды құбылыс екені айқын. Бірақ оның ерекшелігі сонда, сол мәдениеттің жаңғыруды белгілі бір деңгейге дейін жеткізуінде болып табылады. Мәселен, жаңашылдықтың отаны саналған Қытай (қағаз өңдеуді, компасты ойлап тапты), бірнеше мың жыл бойында ұйықтап, қазіргі таңда оятуда деген ғылыми айналымда пікірлер бар. Бұл ирониялық болсын, бірақ назарға аларлық құбылыс.

Осы тұрғыда дәстүрлі мәдениет қашан және қай кезеңде жаңғырыла бастады деген заңды сұрақтың туындайтындығы айқын. «Дәстүрлі мәдениет жетістіктерін еңсеру техногендік өркениеттің қалыптасуы дәуірінде жүзеге асырылды. Онда дәстүрде болмаған жаңа сипаттамалар қалыптасты. Мәселенің мәні – бұл мәдениеттің үш кеңістігінің жаңа өзгерістер тенденцияларын саралауда жатыр». Оның өлшемдері мен ұстындарын төмендегідей байыптап көрсетуімізге болады: «Мәдениетте генетикалық код ретінде әлеуметтік организмнің жүзеге асуы мен дамуында екі айтылып жүрген қабаттар бар: біреуі сақтауға, тұрақты болуға міндеттінің жүзеге асуына жұмыс жасайды, екіншісі – инновациялыққа, өзгеруі міндеттіге, болашақ даму үшін материал беруі мүмкін» [4, 42-45 б.]. Танымдық түсініктемені бір метафизикалық болжам деп алатын болсақ, бұл үдеріске деген ғылыми бағалаушылықта түрлі ыңғайлар мен бағыттар бар. Дәл осы тепе-теңдікті Азияның мәдени жаңғыруға табан тіреген мемлекеттері бастарынан өткеру үстінде

және өзіндік ерекшеліктермен қалыптасып та келеді.

Заманауи экономикалық дағдарыс пен ортақ саяси мәмілеге келудің шешімін таппай отырған Батыс мемлекеттері – өзегі болып табылатын өздерінің әлеуметтік, экономикалық, мәдени құндылықтарына сын артуда. Бұл радикалды-сыни құбылыс Батыс мәдениетіне тән қалыпты жағдай және қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуындағы талаптардың бірегейі. Дегенмен, жаңғыру мен түлеудегі сапа – гуманизациялық ұстындармен ескерілуі тиісті. Батыс мәдениетінің XVI ғасырдан басталған табиғатқа деген үстемдігі әлемдік экологиялық дағдарыстың өсуі мен өршуіне алып келді және заманауи ғалымдар мен әлемдік қауымдастықты бұл үдеріс қатты алаңдатууда. Сәйкесінше жаңа әлеуметтік дамудың демократиялық моделдеріне деген қызығушылық әлемде де, елімізде де назардан түспей отырғаны анық.

Ендігі кезекте Батыстың жаңғыру теориясы жайлы тағы да бірер сөз қозғап көрелік. Әлемдік мәдениет тарихына жүгінетін болсақ, жаңғыру түсінігінің қалыптасқанына көп уақыт бола қойған жоқ. Бірақ тарихи үдерістерге көз жібертсек, мәдениеттер мен білімдердің интеграциясы, синтезделуі мен жаңғыруы үнемі жүріп отырғанын жоғарыда атап өттік. Мәселен, Батыс мәдениетінің даму тарихындағы жаңғыру тәжірибесін ескеретін болсақ, оның өткен жолы мен мазмұны біржақты болмағаны анық. Тіпті, Батыс қоғамының жаңғырудың бірнеше кезеңдерін бастан кешіргенін және ондағы сәттердің білімі әрқилы болғанын аңғаруға болады. Сондықтан да болар: «Мәдени жаңғырудың алғашқы нұсқалары жеңілдігімен ерекшеленді. Карл Маркс атап көрсеткеніндей әлеуметтік-мәдени даму адамдардың талпынысы мен жасампаздығына айтарлықтай ықпал етті, бірақ Макс Вебер әділірек көрсеткендей қоғамдағы игерілген көзқарастар мен мотивациялар оның мәдени мұрасымен айқындалады. Сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени өзгерістер бірсызықсыз сипатқа ие. Индустриализация үдерісі өзімен бірге рационализацияны, секуляризацияны және бюрократизацияны алып келді, бірақ «білім қоғамының» қалыптасуы жаңа бағытқа апаратын өзге тәртіптің өзгерістеріне айналды – жеке тәуелсіздіктің, (individual autonomy), өз пікірін білдіру мен таңдау еркінің рөлі жоғарылады. Өз пікірін білдіру (selfexpression values)

құндылығының бекітілуі жаңғыруды адамның даму үдерісінде, жаңа типтегі гуманистік қоғамды қалыптастыруда қайта құрады – ал оның ортасында адам тұрды» [6, 10-11 б.]. Мұндай үдерістердің алғашқы толқынымен Батыс қоғамы XIX-XX ғасырлар кезеңінде ұштаса бастады және оларға серпін берген алғышарттар өте көп. Оларды тек экономикалық, саяси, т.б. деп бөле-жара қарау қателік те болар еді және бірнеше ғасырларға созылған мәдени үдерістер мен жаңғыру өз жемісі мен нәтижелерін дәл осы сәттерде шешуші кезеңдерінің кезектісін көріністерін айқындады. Дәл осы кезеңде жаңа мәдени институттардың қызметтері реттеле бастады және қоғам мен жеке адамның ол жағдайларға адаптациясы динамикалық өріс алды.

Батыс қоғамы мен адамы әлеуметтік-мәдени жаңғыруға тез бейімделгендігі мен оны құшақ жая қабылдағаны және Батыстың жаңашылдық мәдениетінің идеологиясы жайлы ғалым А.А. Зиновьев мынадай пікір білдіреді: «Мәдениет сипаттамаларының негізі жаңа және түпнұсқа болашақ формаларды іздеуге ұстамсыз талпыныс болды. Оны өзгерістер мен жаңашылдық идеясы (мен оны – мания деп айтар едім) жаулап алды. Бұл талпыныс мәдениеттің ішінде ешқандай кедергілерге ұшырамай, ал қоғам оны құлшыныспен қабылдады. Мәдениет өзінің өнімдерімен нарықты толтырды және бұл өнім қызғанышпен жалмалды. Мәдениет айтқысыз рөлді орындай бастады – оларды жаңа жан түршігерлік ізденістер рөлдері құрады. Өнер еркінсіп, барлық жанрлар мен стильдерді қирата бастады, сенсацияны өндейтін барлық тәсілдерді өңдеді. Тіпті жындану шығармашылықтың жоғарғы формасы ретінде қарастырылды. Жаңашылдық өз-өзіне жаңғыру құндылығы болды. Жаңа ешбір кедергісіз бұқара адамдарды қамти отырып, жылдам тарала бастады. Өнердің әлеуметтік прогресстің авангарды болып қызмет етуіне сәйкес жаңашылдық қондырғысымен бірге идеология келді. Ескі радикалды саяси идеялар өз-өзін бұрмалады немесе тұтастанды, радикализмнің жалғасы саясатта емес, мәдениетте мүмкін болды» [7, 304 б.], – дейді де бірінші орынға мәдениетті қояды. Мәдениет түсінігінің аясы кең болғандықтан да мұндай пайымдаудың қисындылығын терістеу немесе сынау мардымсыз. Өйткені, Батыс өркениетінің дамуы мен жаңашылдығының кілті

– оның түп тамырында жатса керек. Ғалымның пайымдауының мазмұнынан Батыс дәстүрінің мәнін аңғаруға және ол – тек жаңашылдық пен сыни үдеріске бағдарланғанын байқаймыз.

Дегенмен, Батыс қоғамының әлеуметтік-мәдени жаңғыруы мен оның бірнеше сатысынан өтуінің өзіндік заңдылықтары мен шарттары болды. Ондай жаңғырудың бір көрінісі ХХ ғасырдағы батыс мәдениетінің модернизмнен постмодернизм кезеңіне өтуі еді. Екі кезеңнің айырмашылығы хақында зерттеуші Бекет Нұржанов: «Постмодернизмнің модернизмнен өзгешелігі сонда, оған тыйым салынғандар жайлы айту қызықты: кім түпкі болып табылатын тыйымдар мен мәдениет жарғыларын қондырады, олар қалай және кімдер тарапынан заңдастырылады, қандай жасырын жорамалдар оларды «табиғи» етеді – міне, осылар постмодернизм үшін қызықты» деп шартты және демократиялық, заңнамалық, сыни тұстарының басымдық алған тұстарын пайымдаса, экономикалық сипаттамасын былайша тұжырымдайды: «постиндустриалды қоғамда тартылыс орталығы өндірістен білім және ақпараттық технологияларға, өндіріс тоvaryнан білім өндірісіне ауысады» – деп өз бағасын береді [8, 32-36 б.].

Зерттеуші ғалымдар Р. Инглхарт және К. Вельцель Батыс қоғамындағы индустриалдылықтан кейінгі постиндустриалдық қоғамға көшуін демократиялық дәстүр мен басқару формасының жаңаруымен түсіндіреді. «Жаңғырудың постиндустриалды деңгейінде қоғам демократияны активті түрде талап етеді – адамдардың өзіндік өмір сүруіндегі жолдарын максималды түрде еркін таңдауын қамтамасыз ететін басқару формасы келеді» [6, 11 б.]. Мұндай пайымдаудың мазмұны шындықтың бір келбетін ғана көруге және тануға мүмкіндік береді, жаңғыруға әсер еткен өзге ажырамас факторлар ескерусіз, назардан тыс қалады. Батыстың өтпелі кезеңін айқындауда жоғарыда атап өткеніміздей мәдени институттарды иерархиялық тұрғыдан тізбектеу немесе экономикалық, саяси үдерістердің формаларының өзгерістерінен іздеу қисынсыз. «Постмодернизмнің қалыптасуына ықпал етуші факторлар және мына пәндермен айқындалатынтар (экономикалық, әлеуметтік, тілдік және т.б.), бір-бірінен шектеулі түрде және иерархиялық немесе себеп-салдар тұрғысынан әрекет етпейді (ең басты ұстаным қабылданып, қалғандары оның салдары ретінде жарияланғаны

секілді), керісінше констеллятивті, «үстіртін», горизонтальды, бір-біріне өзара ықпал ете отырып айқындалады» [8, 33 б.].

Заманауи Қазақстан жағдайындағы мәдени жаңғыру мен жаңғырудың негізгі қондырғыларын оңтайлы қалыптастырудың алғышарттары да жан-жақты. Қазақ қоғамының уақыттық-кеңістіктік өткерген тарихи жады мен рухани тәжірибесін еңсермей, жаппай мәдени жаңғыру үдерісінің орын алуы мүмкін жағдай емес және ол формалды күй кешуі әбден ықтимал. Сондай-ақ, мемлекетіміздің мәдени жаңғыруы мен дамуындағы ескерер жәйттер де, міндетті атқарар шаралар да баршылық. Қазақстанда плюралистік мәдени нышан мен үдеріс қарқын алып келеді және ол бағзы замандардан көрініс берген деп пайымдап жүрміз. Заманауи жаһандану үдерісі өріс алған кезеңде мәдениеттер ықпалдастығы орын алды және әлемдік интеграция қарқынды түрде жүруде, әлем суреттемесі «тарылуда» деп те айттық, бірақ әлемдік бірегейлік орын алып бара жатырғанын қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы ғалымдар тіркеген жоқ және мәдени сіңіспеушілік қырлары да аңғарылуда. Ендігі тұста, елімізде қазақ қоғамы мәдени даму мен жаңғыруды қалай жүзеге асырмақ және оның басым бағдарлары қандай болмақ деген мәселелер өзекті болып отыр. Сәйкесінше, «дамудың стратегиясы, біріншіден, әлеуметтік жаңғырудың қажетті жағдайларын ұсынады, жаңа мемлекеттің, жаңа қоғамның және стратегиялық әріптестіктің халықаралық стандарттарының заманауи талаптарына бейімделу; ұлттық қауіпсіздіктің стратегияларын қайта қарастыру және оның методикасының жүзеге асуы; екіншіден, ол онда мемлекеттің азаматтық секторының кең көлемде қатысуын болжайды, интеграцияның басым кеңістігінде халықаралық ынтымақтасты алдағы уақытта күшейту; ұлттың интеллектуалды мәдениетінің дамуы және азаматтық қоғамның рухани-демократиялық түлеуі» [9, 239 б.].

Ұлттық мәдени жаңғыру отандық ғылыми айналымда көп пайымдалып жүргендей өзіндік дәстүрді сақтай отырып жаңашылдыққа бет бұру – жаңа технология мен халықаралық стандарттар нормаларын қабылдау, жаһандық интеграцияға ену сынды ұстындарды құрайды. Ол қалыптасқан құндылықтарымыз пен ресурстарымызды саралау, жаңғырту және әлемдік

деңгейге көтере білушілікті аңғартады. Мәдени жаңғыру үдерісі аясында мемлекетіміз аз шаралар атқармады және мұны отандық ғалым Жақан Молдабеков былайша сипаттайды:

- Еуразия кеңістігінде жан-жақты мемлекетаралық тұрақтылық пен келісімді, өзара ынтымақтастық идеясын жүзеге асырды;

- Ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен діни толеранттылықты қалыптастыра отырып елімізде қоғамдық келісімді орнатты және барша әлемге ядролық қарусыздану жөнінен үлгі көрсетті;

- Орта Азия кеңістігінде саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде қауіпсіздік шараларын оңтайлы негіздеп келеді;

- Өзара ықпалдастық мақсатында жаһандық ақпараттық кеңістікте интеграция үдерісіне енді және ашықтық саясатын танытуда [9, 240 б.].

Мемлекетіміздің мұндай шараларды атқаруының орынды және қажетті деп санарлық жақтары көп. Оның әлемдік қауымдастық пен көрші мемлекеттер алдындағы орны мен бағыт-бағдарының, сыртқы және ішкі мәдени саясатының көрінісі. Себебі, «Мәдениеттер саңылау жабық алаң болудан қалғанына біршама уақыт өтті. Аймақтың стихиялы миграциясы нәтижесінде жер шары экзотикалық рухани ағыммен белбеуленді. Ғаламат кросс-мәдени байланыстар. Ұлтаралық некелер. Экуменикалық толқындар. Экраннан шығушы құдіретті сөздер. Ғаламдық дінаралық сұхбаттастықты іздеу. Мүмкін, бұл тенденцияларға қарсы тұру қажет шығар? Дәл осылай фундаменталисттер пайымдайды. Ұлы өсиеттер бұзылып кетпейді ме? Мәдени ағымның мағынасыз өрнегі туындап кетпейді ме?», – сынды мәселелер және бар [10, 17 б.]. Мәдени тұйықталу, өз қазанымызда өзіміз қайнау, қазіргі әлем интеграциясынан тыс болу – қазіргі оқшауланған мемлекеттердің саяси-мәдени ұстанымын меңзейтіні мәлім. Ол тек бір қоғамның ғана тұрпайылығы, қауіпті тұсы емес, бүкіл адамзаттың тіршілік ету-етпеу тағдырына ықпалын жүргізумен теңеліп отыр.

Жаһандану дәуіріндегі плюрализм тұтастығының қалыптасуына ерекше ықпал ететіндердің бірі ұлттық мәдениет екендігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Ұлттық мәдениеттің жаңғыруы оның өткенін саралаусыз жүзеге аспайтыны белгілі. «Өткеннің парадокстерінің бірі, яғни тарихи фактке қатыстысы «констелляциялық ойлауда»

айшықталады. Ешқандай бір рет болған және әрқашан, өзгеріссіз тіршілігін жалғастыратын тарихи факті болмайды. Әрекетте тарихи факт жүзеге асуын біз, қазіргі заман адамдары оның жаңа шектерін тапқан кезде ғана жалғастырады, бірақ оның ешқашан түбегейлі нәтижесіне жете алмаймыз. Мысал ретінде Мырза Фатали Ахундованың немесе Абай Құнанбайұлының шығармашылықтарын; Гейдар Әлиевтің немесе Дінмұхамет Ахметұлы Қонаевтың қызметтерін алып көрелік. Бұл шығармашылық пен қызмет – тіршілік етуін терістей алмайтын тарихи фактілер. Бірақ олар өзгеріссіз қалады ма? Жоқ. Шығармашылық пен әрекетке деген қазіргі ұрпақтың қызығушылығы бұл тарихи факттердің шығармашылығы пен әрекеттерінің барлық жаңа тұстарын ашады. Сондай-ақ, бұл фактілерге деген үнемі назар аудару фактілердің замандастары да, оны тудырушылар да білмеген жаңа мағыналарын ашады. Түсіндіру мен талдау кез келген тарихи фактіті тірі, қазіргі таңда тіршілік етуші, дамушы етеді» [11, 79 б.].

Өткен өзіндік рухани құндылықтарды игеру мен еңсеру, қазіргімен үйлестіре білу жалпыадамзаттық құндылықтардан бас тарту немесе жабық есік саясатын ұстауды ұсынбайды, керісінше өзін-өзі тану арқылы өзгені ой елегінен өткізіп, әділ бағалаушылықты, оған деген құрметтілік пен ынтымақтылықты алға тартады. Осы тұста философ Ағын Қасымжановтың ой-пікірі бұл пайымға дәл келеді: «Қазақ халқының рухани тарихының тұтас болмысын сомдаудағы алғашқы ыңғайымыздың әрекетінде біз бұл үдерістің бірнеше жалпыадамзаттық белгілерін ерекшелеп көрсеттік. Бірақ біз ұлттық өмірдің жоғарғы құндылықтарын елемейтін немесе ұлттық құндылықтарды мүлдем терістейтін «интернационализмнен» алшақпыз. Халықтың «отан», «атамекен» түсініктерінде білдірілетін өзіндік болмысы, өзіндік даму жолы, тарихи және тағдыр сабақтастығы бар. Және қазіргі, тарихтың киіп тастаған жалпыадамзаттық құндылықтары абыройға, еркіндікке және әрбір тұлғаның құқығына негізделген ұлттық құндылықтарсыз талдануы мүмкін емес» [12, 93 б.]. Мемлекеттің мемлекеттілігінің қалыптасуы оның ұлтшылдығымен, ұлттық мәдениетінің қалыптасуымен, жаңғыруымен тікелей байланысты. Ал ұлтшылдық ұғымының мән-мазмұнының аясы кең және ол жеке ғылыми зерделеуді талап етеді.

## Әдебиеттер

- 1 Кирабаев Н. Философия и культура в контексте кризиса «современности» / Н. Кирабаев // Философия в современном мире: стратегии развития. Материалы I Казахстанского философского Конгресса (Алматы, 27–28 сентября 2013 г.). – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – С. 43-55.
- 2 Изотов М.З. Человеческий капитал как основа формирования инновационной культуры казахстанского общества (социально-философский анализ) / М.З. Изотов // Эл-Фараби. – 2012. – №3 (39). – С. 3-8.
- 3 Исмагамбетова З.Н. Стратегии идентичности в контексте развития казахстанского общества / З.Н. Исмагамбетова // Казахстанская культура: между традицией и экспериментом: материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы, 2011. – С. 159-163.
- 4 Куда идет Российская культура? (материалы «круглого стола»). Участвовали: Г.А.Гаджиев, А.С. Запесоцкий, А.Б. Куделин, В.Л. Макаров, М.Б. Пиотровский, Г.М. Резник, В.С. Степин, Т.С. Юрьева / Вопросы философии. – 2010. – №9. – С. 3-63.
- 5 Федотова В.Г. Теорема Томаса китайской модернизации / В.Г. Федотова // Вопросы философии. – 2012. – №6. – С. 3-6.
- 6 Инглхарт Р., Вельцель К. Модернизация, культурные изменения и демократия: Последовательность человеческого развития. – М.: Новое издательство, 2011. – 464 с.
- 7 Зиновьев А.А. Запад: избранные сочинения / Александр Александрович Зиновьев; вступ. статья Г.В. Осипова; сост. Ю.Н. Солодухина. – М.: Астрель, 2008. – 512 с.
- 8 Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. / Нуржанов Б.Г. – Алматы: «Өнер», 2012. – 336 с.
- 9 Молдабеков Ж.Ж. Интегрированный способ осмысления проблемы модернизации общества и национальная модель обновления образования / Ж.Ж. Молдабеков // Казахстанская культура: между традицией и экспериментом: материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы, 2011. – С. 237-241.
- 10 Гуревич П.С. Философия культуры. Учебник для высшей школы. – М.: Издательский дом NOTA BENE, 2001. – 352 с.
- 11 Рау И. Концепции истории в спорах о мультикультурализме / И. Рау // Актуальные проблемы развития мировой философии: Мат-лы II Междунар. науч.-теорет. конф. (14-16 февраля 2013 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013. Т.1. – С. 78-83.
- 12 Қасымжанов А.Х. Казахское просвещение и перспективы изучения культурного наследия / Қасымжанов А.Х. // Вестник Центрально-азиатского университета. – 2002. – №1. – С. 89-95.

## References

- 1 Kyraabaev N. Filosofya i kultura v kontekste kryzysa «sovremennosty» / N. Kyraabaev // Filosofya v sovremennom myre: strategy razvytya. Materyaly I Kazakhstanskogo filosofskogo Kongressa (Almaty, 27–28 sentyabrya 2013 g.). – Almaty: Instytut filosofyy, polytologyy i relygyovedenya KN MON RK, 2013. – S. 43-55.
- 2 Izotov M.Z. Chelovecheskyi kapytal kak osnova formirovaniya innovatsionnoi kultury kazakhstanskogo obchestva (sotsyalno-filosofskiy analiz) / M.Z. Izotov // Al-Faraby. – 2012. – №3 (39). – S. 3-8.
- 3 Ismagambetova Z.N. Strategyy identychnosty v kontekste razvytya kazakhstanskogo obchestva / Z.N. Ismagambetova // Kazakhstanskaya kultura: mejdu tradyciei i eksperymentom: materyaly mejdunarodnoy nauchnoy konferencyy, posvyachennoy 20-letyu nezavisimosty Respublyky Kazakhstan. – Almaty, 2011. – S. 159-163.
- 4 Kuda idet Rossyskaya kultura? (materyaly «kruglogo stola»). Uchastvovaly: G.A. Gadzhiev, A.S. Zapesockiy, A.V. Kudelyn, V.L. Makarov, M.B. Pyotrovskiy, G.M. Reznik, V.S. Stepin, T.S. Jureva / Voprosy filosofyy. – 2010. – №9. – S. 3-63.

- 5 Fedotova V.G. Teorema Tomasa kytayskoy modernyzacyy / V.G. Fedotova // Voprosy filosofyy. – 2012. – №6. – S. 3-6.
- 6 Ingelhard R., Velcel K. Modernyzacya, kulturnye izmenenya i demokratya: Posledovatelnost chelovecheskogo razvytya. – M.: Novoe izdatelstvo, 2011. – 464 s.
- 7 Zynovev A.A. Zapad: izbrannyye sochynenya / Aleksandr Aleksandrovych Zynovev; vstup. statya G.V. Osypova; sostavlenye Zh.N. Soloduhyna. – M.: Astrel, 2008. – 512 s.
- 8 Nurzhanov B.G. Modern. Postmodern. Kultura. / B.G. Nurzhanov – Almaty: «Oner», 2012. – 336 s.
- 9 Moldabekov Zh.Zh. Integrirovannyi sposob osmyslenya problem modernyzacyy obchestva i nacyonalnaya model obnovlenya obrazovanya / Zh.Zh. Moldabekov // Kazakhstanskaya kultura: mejdu tradyciei i eksperimentom: materyaly mejdunarodnoy nauchnoy konferencyy, posvyachennoy 20-letyu nezavisimosti Respublyky Kazakhstan. – Almaty, 2011. – S. 237-241.
- 10 Gurevych P.S. Filosofya kulturey. Uchebnyk dlya vyshey chkolyy. – M.: Izdatelskiy dom NOTA BENE, 2001. – 352 s.
- 11 Rau I. Konceptyy istoryy v sporah o multykulturalizme / I. Rau // Aktualnye problem razvytya myrovoy filosofyy: Mat-ly II Mezhdunar. nauch.-teoret. konf. (14-16 fevralya 2013 g., Astana, Kazakhstan) v 2-h tt. – Astana: izd-vo ENU im. L.N. Gumyleva, 2013. T.1. – S. 78-83.
- 12 Kasymzhanov A.H. Kazakhskoe prosvechenye i perspektyvy izuchenya kulturnogo nasledya / A.H. Kasymzhanov // Vestnyk Centralno-azyatskogo unyversyteta. – 2002. – №1. – S. 89-95